


Жан-жақты паллиативті көмек көрсетуде мультидисциплинарлы және Мультипрофессионалды қадам жасау (арнайы дайындықтан өткен дәрігер, медбике, психолог, психотерапевт, әлеуметтік жұмыс бойынша маман, әлеуметтік жұмыскер, түрлі діндік конференция өкілдері және имамдар).



Орындағандар:
Ерсінова Арайлым
Сыдықова Назым
Әбдразақ Әйгерім
Жұмабай Гүлзира
Қасым Айнұр

Паллиативті көмек.

Паллиативті көмек - бұл тек дертті жеңілдету ғана емес. Ол өмірінің соңғы күндерін өткеріп жатқан науқастың физикалық, психикалық және эмиционалды жан азабын жеңілдетіп, сонымен қатар науқастың жақын туыстарына қолғабыс болуды діттейді. Қарапайым тілмен айтқанда , **паллиативті көмек** дегеніміз - ауруы асқынған, өлім аузында жатқан науқастың жан азабын жеңілдету көмегі.



Паллиативтік көмектің негізгі мақсаты - емделушілердің соматикалық, психикалық және рухани жағдайларын жеңілдету, дерт азабынан жаны қиналған пендеге тән азабын сездірмеу, ажалды саналы түрде қарсы алуға септігін тигізу болып табылады. Әлемдегі барлық хоспис орталықтарының жұмысы осы ережелер мен міндеттерге негізделген. Өмір мен өлімнің өзара философиялық қарым-қатынасы бар. Оған хоспис мамандары араласпайды. Олар тек ауруын емдеп, өмірден үмітін үзіп, ажал сағатын күтіп жатқан адамдарға жарық дүниенің соңғы сәулесін жан жылуымен сезіндіріп, мейірім сыйлауға міндетті.



Көп бейінді мамандар тобы үйде паллиативтік көмекті көрсетуге арналған, топ аумақтық емхана базасында құрылады.

Көп бейінді мамандар тобы (бұдан әрі - КБМТ) тобына: дәрігер, мейірбике, әлеуметтік қызметкер, психолог сондай-ақ қажет болған жағдайда - еріктілер, шіркеу қызметкері, имамдар кіреді.

КБМТ құрамына қосымша психологиялық қолдау көрсету үшін психотерапевт және бейіні бойынша басқа мамандардың (онколог, фтизиатр, инфекционист, педиатр және басқа) лауазымы енгізіледі. Осылайша пациенттің және оның отбасы мүшелерінің психологиялық, әлеуметтік, діни немесе рухани қажеттілігін қанағаттандыру үшін психологиялық әлеуметтік қолдау көрсетумен қамтамасыз етіледі.



МЕЙІРБИКЕ:

«Қамқоршы» және дәрігер мен пациент арасын байланыстырушы буынның рөлі.

- пациенттерге бағалау жүргізу
- екінші қайтара баруды жүргізу
- симптоматикалық емдеуді тағайындау
- бейілділігіне мониторинг
- үйінде күтім жасау
- паллиативті күтім жасау
- фармацевтикалық препараттарды бақылау (сақталуы мен құжатталуы).

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР:

- психоәлеуметтік көмек пен қолдау көрсету
- әлеуметтік қамсыздандыру жүйесімен байланыс жасау
- пациенттердің құқығын қорғау

Әлеуметтік-медициналық қызметтерге мыналар жатады:

- 1) денсаулық жағдайын ескере отырып, қиын өмір жағдайындағы адамға күтім жасауды, оның ішінде санитариялық-гигиеналық қызмет дағдыларын (үгіну, жуыну, гигиеналық ванналар, тырнағын алу, тарану) үйретуді қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- 2) санаторийлік және оңалту іс-шараларын алуға жәрдемдесу.

Онкологиялық ұйымдардың әлеуметтік қызметкерлерінің міндеттері:

- 1) онкологиялық аурулармен ауыратын науқастардың, олардан жазылған адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің арасында әлеуметтік және психологиялық проблемалардың диагностикасын жүргізу;
- 2) онколог дәрігермен, медициналық психологпен немесе психотерапевтпен бірлесіп пациентті әлеуметтік оңалтудың жеке жоспарларын әзірлеу және іске асыру; оларды әлеуметтік қорғау және қолдау бойынша іс-шаралар өткізуге қатысу, оқытуды жалғастыру;
- 3) онкологиялық ауруға байланысты құқықтар мен жеңілдіктер туралы пациенттер мен олардың отбасы мүшелеріне ақпарат ұсыну;
- 4) онкологиялық аурулары бар пациенттерге медициналық-әлеуметтік сараптаманы ұйымдастыру және жүргізуге қатысу;

- 5) онкологиялық аурулармен ауыратын науқастар мен одан жазылған адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің қоғамдастықтарының жұмыстарын ұйымдастыру;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдары мен халықтың онкологияның қазіргі заманғы мүмкіндіктерін түсіндіру, қоғамда онкологиялық аурулармен ауыратын науқас адамдарға және одан жазылып шыққан адамдарға барабар қарым-қатынасты қалыптастыру, онкологиялық ауруларды ерте анықтау және олардың профилактикасы бойынша өзара іс-қимыл;
- 7) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың және мекемелердің онкологиялық науқастарға көмек көрсету бойынша қызметтерін ықпалдастыруға жәрдемдесу;
- 8) онкологиялық көмек проблемалары бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу.

Психологиялық көмек

Әлеуметтік-психологиялық қызметтерге мыналар жатады:

- 1) психологиялық диагностика жүргізу және жеке және топтық әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;
- 2) үй жағдайында оңалту іс-шараларын өткізу үшін әлеуметтік-психологиялық білім негіздеріне, өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларына үйрету, тұрмыста және қоғамдық орындардағы мінез-құлыққа, коммуникативтік дағдылар мен өзіне және өзара қолдау көрсету дағдыларына үйрету;
- 3) тірішіліктің әртүрлі саласындағы онкологиялық пациенттерге медициналық қызмет көрсетуді әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу, психологиялық және әлеуметтік бейімдеу;
- 4) әлеуметтік бейімделген мінез-құлыққа үйрету және күйзеліс тұрақтылықты арттыру мақсатында әлеуметтік-психологиялық тренингтер жүргізу;
- 5) БАҚ арқылы жариялай отырып, ақпараттық және білім беру іс-шараларын өткізу, әртүрлі санаттағы халықтың психологиялық сауаттылығын арттыру мақсатында буклеттер, үнпарақтар шығару.



Имам мен шіркеу қызметкерлерінің көмегі:

О дүниеге аттанып, бақилық болу пенде болған соң барлығымыздың басымызға ерте ме, кеш пе, Алланың жазған күні келері хақ. Ең қиыны, жан азабы мен тән азабын тартып, ұзақ уақыт бойы төсекке байланып, ақтық сапардың соңғы күнін күтіп жату. Бұл тек аурудың өзіне ғана емес, етжақындарының да азабы. Көз алдында солып, ас-судан қалып, тілі байланып, екі дүние арасында арпалысып жатқан жанды бағу әрине оңай емес. Сондықтан Имам мен шіркеу қызметкерлері науқастарға жанының жеңіл шығуына көмек жасайды.



Қызметкерлердің эмоциялық жай-күйінің тұрақтылығын сақтау мақсатында мынадай жүктеме нормативтері сақталады:

- 1) 10 пациентке 1 дәрігер,
- 2) 10 пациентке 1 мейіргер,
- 3) 25-30 пациентке 1 әлеуметтік қызметкер,
- 4) 50 пациентке 1 имам және шіркеу қызметкері.
- 5) Команда мүшелерінің паллиативтік көмек көрсету мәселелері бойынша дайындығы болуы тиіс.